



## БҰЙРЫҚ

*Аманжол Оспанов*

Павлодар қаласы

## ПРИКАЗ

№ 1-19/123

город Павлодар

### Тамақтануды ұйымдастыру туралы

«Орта білім беру ұйымдарындағы оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру және сапасын бақылауды күшейту, сонымен қатар мектептің асханасының жұмысын ұйымдастыруға байланысты тауарларды сатып алуды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 ағымдық санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында («Білім беру объектілері үшін санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесін бекіту туралы бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Асханадағы жұмыстарды ұйымдастыруға қатысты санитарлық-эпидемиологиялық талаптар сақталсын, азық-түліктерді сақталуын қадағалау мектеп медбикесіне А.У. Кусаинова және жалгер КХ «Нариман» Е.К. Жауқеновке жүктелсін.

2. Оқушылар мен ұжымның мүмкіндігін қарастыра отырып ас мәзірінің 3-тен кем емес жиынтығының әзірленуі мектеп жалгері КХ «Нариман» Е.К. Жауқеновке жүктелсін.

3 Оқушылардың асханада тамақтану кестесі әзірленсін және оқушылардың толық тамақтануының қамтылуын мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Р.Ж.Саденоваға жүктелсін.

4. Аз қамтылған, көп балалы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар 100% тамақтануымен қамтамасыз етілуін мектеп директорының оқу тәрбие жөніндегі орынбасары Р.Ж.Саденоваға жүктелсін.

5. Сабақ уақытында асхана мен мектеп кезекшілігіне оқушыларды жұмылдырмауын ДТІЖО Д.Т. Серимбаеваға жүктелсін.

6. Қол жууға арналған жағдайлар жасалсын және су ішу режиміне назар аударылуы директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Г.Т. Кабышеваға жүктелсін.

7. Балалар өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне мектеп әкімшілігі мән сынып жетекшілеріне жүктелсін.